

№ исх: ДС-152 от: 01.06.2017

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ**



Д Е П У Т А Т

**МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Д Е П У Т А Т Ы

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
Парламента
201__ жылғы “_____” _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис
«__» _____ 201__ года
№ _____

2017 жылдың 31 маусымында жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә.Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Сан ғасырлық тарихы бар халқымыздың басынан өткен небір зұлмат замандар өз дәуіріндегі тарихи тұлғаларымен ел жадында қалды. Алмағайып күн туғанда елге бағыт-бағдар беріп, жол көрсеткен хандар, билер мен батырлар ұлтымыздың тірегіне айналғаны баршамызға аян. Жаугершілік заманда ат үстінде түнеп жүріп елін-жерін жаудан қорғаған батыр бабаларымыздың арқасында бүгінгі бейбітшілік орнаған заманға да қол жеткіздік. Ендігі жерде жоғымызды іздеп, ұмыт қалғанды жаңғырту, есебімізді түгендеуді қолға алып жатырмыз. Осы мақсатта бүгінгі ұрпақтың басты парызы сол асыл бабаларымыздың еңбегін ұмытпай, бағалап әрі оларды ұлықтау болуы тиіс. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Қазақстан халқына жолдауында «рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» деп атап өтті. Яғни, ұлтымыздың рухани жаңғыруына, өскелең ұрпақты патриоттыққа баулудатарихтан алар сабақзор ықпал ететіні

даусыз. Сондықтан тарихымыздың қойнауында өз дәрежесінде бағаланбай қалып қойған батырларды кеңінен насихаттауымыз қажет. Осындай батырлардың бірегейі Бердіқожа батыр туралы айтқалы отырмыз.

Бердіқожа батыр халқымыздың фольклористі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз еңбегінде жазып өткендей Абылайдың заманында қазақ жасағын басқарып, жоңғар-қалмақтармен болған ұрыста ерекше ерлік көрсеткен батырлардың бірі болған. Жастайынан ат жалын тартып мінген Бердіқожаның есімі алғаш рет 1729 жылы Итішпес-Алакөл бойында қалмақтармен соғыста аталады. Одан бөлек Аягөз, Бұланты-Білеуті және Сарысу өзені бойындағы, Іле басындағы Талқы, Ебі, Ембі, Алтайдағы Ұланасу, Қандысу, Айдынсу, Шар, Шорға ұрыстарында, Қозымаңырақ, Қоймаңырақ, Ақшәулі көлдері маңындағы, Аңырақайдағы шайқастарда әскер жасақтарына басшылық еткен.

Батыр бабамыз туралы еліміздің және Ресей ғалымдары Ш. Уәлиханов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, М.Ж. Көпеев, С. Торайғыров, М. Мұқанов, А.Сейдімбек, К. Хафизова, Б. Қасымбеков, К. Боранбаева, А. Махаева, И.Андреев, А. Левшин, М. Красовский, Г. Потанин өз еңбектерінде атап өткен болатын.

Бердіқожа батыр туралы Ресей, Қытай және Қырғыз елдерінде жалпы саны 200 жуық ғылыми деректер табылды. Ең бастысы жүздеген жылдар бойы жергілікті тұрғындар «Бердіқожа батыр бейіті» деп атап келген Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Темірші ауылының маңында орналасқан бейітіне архелогиялық қазба жұмыстарын жүргізген Ә.Марғұлан атындағы археология институтының ғалымдары оның бейітін анықтады. Ал батырдың сүйегіне генетикалық зерттеулерді Ресей Ғылым Академиясына қарасты Н.Вавилов атындағы Жалпы генетика институтының зертханасында өткізілді. Генетикалық зерттеулер батырдың ұрпағы саналатын 20-ға жуық азаматтың ДНҚ сынамасымен салыстырып, нәтижесі толық сәйкес шықты. Осылайша халық аузындағы тарихи мәліметақиқатқа айналды.

Өткен жылы Қарағанды қаласында Қарағанды облысы әкімдігі мен Халықаралық түркі академиясының қатысуымен Бердіқожа батырдың құрметіне арналған «Алаштың алдаспаны» атты ғылыми конференция өтті. Нәтижесінде батырдың жерленген жерінде жаңа кесене ашылды.

Осыған орай құрметті Бақытжан Әбдірұлы! Батыр бабамыздың есімін халық жадында қайта жаңғырту үшін Бердіқожа батырдың есімін мәңгі есте ұстау мақсатындағы іс-шараларды ұйымдастыру, елордамыз-Астана қаласының көшелерінің біріне батырдың есімін берумәселесін қарастыруды ұсынамыз.

Осы депутаттық сауалға «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы

Конституциялық Заңының 27-ші бабына сәйкес жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Ш.Нурумов

Н.Микаелян

С.Абдрахманов

А.Мурадов

В.Божко

Ю.Тимощенко

Н.Жумадильдаева

Ш.Хахазов

*орын: М.Ырысбекұлы
тел: 74-65-23*